

приближенных к нему по типу межличностных отношений. Эффективное воздействие в электронных СМИ возможно лишь при наличии в речи эмоциональности, экспрессивности, личностности изложения, ясности сообщения, присущих публицистическому стилю в целом.

### Список литературы:

- 1 Стилистический энциклопедический словарь русского языка. — М.: "Флинта", "Наука". Под редакцией М.Н. Кожинной. 2003.
- 2 Рэндалл Д. Универсальный журналист. СПб., 1998.
- 3 Сенкевич М.П. Культура телевизионной и радиоречи. — М., 1994
- 4 Лазарева Э.А. Язык электронных СМИ/Публицистика в совр. обществе. — М., 2000
- 5 Бойкова Н.Г., Беззубов А.Н., Коньков В.И. Публицист. стиль. — СПб, 1999.
- 6 Научная библиотека КиберЛенинка: <http://cyberleninka.ru/article>
- 7 З. Оразбекова// Мастерство журналиста – язык и стиль //Материалы международной конференции: «Современные технологии подготовки, выпуска и распространения научно-познавательных изданий и научной фантастики». КазНУ им. Аль-Фараби, Алматы, 2013

УДК 81'373; 001.4

**Ордабекова Х.А.**

*Сулейман Демирель атындағы университет*  
*ф.ғ.к., ассоц. профессор*  
[hafiza\\_1975@mail.ru](mailto:hafiza_1975@mail.ru)

### ҚАЗАҚ ЖӘНЕ ЯКУТ ТІЛДЕРІНІҢ САЛЫСТЫРМАЛЫ ЛЕКСИКАЛЫҚ ЖӘНЕ СӨЗЖАСАМДЫҚ ЖҮЙЕСІ

**Absrtact.** In this article compared lexical and lexical-semantic system of Kazakh language and lexical system of Yakut language. In this comparative research we find linguistic analysis of the similarities and distinctions between Kazakh and Yakut languages, and the facts were formulated them.

**Key words:** lexical system, the relative aspect of borrowed words, lowen words, word-formation system.

Якут тілі туралы алғашқы іргелі зерттеулер санскрит тілінің маманы О.Н. Бётлингтің «О языке якутов» (1851 жылы Санкт-Петербургте неміс тілінде, 1990 жылы орыс тіліне аударылады) еңбегінде жазылады. Э.К. Пекарскийдің 1907-1930 жылдары аралығында жарық көрген «Словарь якутского языка», В.В. Радловтың «Якутский язык в его отношении к другим тюркским языкам, 1908), Д. Хитров, С.В. Ястремский, Л.Н. Харитонов, Е.И. Убрятова Н.Е. Петров, П.А. Слепцов және тағы басқа ғалымдардың еңбектерінде зерттеледі. Якут тілі түркі тілдері жүйесінде ерекше орын алады. Бізге белгілі В.В.Радловтың, К.Менгестің генеологиялық жіктелімі бойынша якут тілін ерекше тіл ретінде бөлек көрсетеді, А.Н. Богородицкий, К. Менгес географиялық белгісі бойынша

топтастырады, А.Н. Самойлович, С.Е. Малов, Н.А. Баскаков, И. Бенцингтің генеологиялық жіктелімі бойынша өзге тілдермен байланысы негізінде қандай да бір ерекшеліктері бойынша топтастырады. Якут тілі өзінің грамматикалық құрылымы бойынша көне түркі тілімен байланысты. Айталық, өзге түркі тілдерінен якут тілінің ерекшелігі ретінде ілік септігінің жойылуы, шығыс септігінің арнаулы септік түріне айналуы көне руникалық ескерткіштерде кездесетін тілдік құбылыстар саналады [1].

Якут тілін зерттеу бұдан 100 жыл бұрын басталған болатын. 1851 жылы академик О.Н. Бётлингтің «Über die Sprache der Jakuten» классикалық еңбегінде якут тілінің фонетикалық және морфологиялық жүйесі жан-жақты қарастырылады, сөздіктер мен мәтіндер түзіледі. 1900 жылы С.В. Ястремскийдің «Грамматика якутского языка» өзіне дейінгі жазылған О.Н. Бётлингтің грамматикалық бөлімін аударылған нұсқасы және оған толықтырулар енгізеді. Қазан төңкерісінен кейінгі алғашқы жылдары якут әдеби тілін қалыптастыру, оқу құралдары мен оқулықтар, сөздіктер шығаруға арналады. Л.Н.Харитонов – якут совет тіл маманы, оның ғылыми-зерттеу еңбектері негізінен якут тілінің грамматикасы, орфографиясы және тарихы, лексикологиясы мен лексикографиясы мәселелеріне арналған. Сондай-ақ, мектеп пен жоғарғы оқу орындарына арналған якут тілі оқулықтарының авторы, орысша-якутша, якутша-орысша сөздіктерді құрастырушылардың бірінен саналады. 1935 жылдардан бастап якут тілінің морфологиялық жүйесіне байланысты түбегейлі зерттеу жүргізіп, бірнеше ғылыми монографиялық жұмыстарын арнаған Л.Н. Харитоновтың, Н.С.Григорьевтің якут тілінің сын есімдер жүйесі мен фразеологиялық қорына байланысты зерттеу еңбектерін, якут тілінің фонетикалық жүйесі бойынша зерттеу жүргізген П.П.Барашков пен Н.Д.Дьячковскийдің, якут тілінің диалектологиялық жүйесі бойынша П.С.Афанасьевтің, М.С.Воронкиннің ғылыми зерттеу еңбектерін айтып өтуге болады. Сонымен қатар Е.И.Коркинаның зерттеу жұмысы якут тілі етістіктер жүйесінің өткен шақ формалары мен рай категориясын қарастырады, Н.Е. Петров якут тілі материалдары негізінде қорғалған диссертациялардың библиографиясын түзіп шығады.

1907 жылы Э.К. Пекарскийдің «Словарь якутского языка» атты еңбегі Қазан төңкерісінен кейін жарияланады. Ұлты поляк, лингвист, этнограф, фольклоршы, СССР ҒА-ның құрметті мүшесі, үш томдық «Якут тілі сөздігінің» авторы Э.К. Пекарский 25 мың сөз енген якут тілінің сөздігін жасап шықты, бұл түркі тілдері жүйесі бойынша жасалған ғылыми еңбектердің бірі болатын. Аталған еңбектің ең кереметі мұндағы сөздерден, ұғымдардан саха халқының ұлттық бейнесін көруге болатындығы еді. Онда ежелгі көне аңыз-ертегілер мен ұлттық эпос-жыр кейіпкерлерін және осы күнге дейін келе жатқан әдет-ғұрыптар туралы деректерді, тіпті онда олардың қай түркі тайпасынан шыққандығын, руының атына шейін кездестіруге болады. Якут тілі бастауыш және орта мектепте, жоғары оқу орындарындағы қарым-қатынас құралы саналады. Оқулықтар, оқу құралы, көркем, публицистикалық әдебиеттер, газет-журналдар, радио-теледидар ақпараттары, театр қойылымдары якут тілінде жүргізіледі. Якут тілі түркі тілдері жүйесіне енеді, дегенмен эвенк, монғол және орыс тілдерімен өзара қарым-қатынасы якут тілінің фоно-морфо-семантикалық жүйесіне өзіндік әсерін тигізген. Жалпы дүние жүзі бойынша якут тілінде жарты миллион адам сөйлейді екен. Якут тілінің әдеби тілі Якутияның орталық аудандары тұрғындарының ауызекі сөйлеу тілінің негізінде қалыптасқан.

Э.Пекарскийдің осы сөздігінде кездесетін қазаққа тән дәстүрлер мен ұғымдар туралы көптеген мәліметтер келтіруге болады. Мәселен, «Биэ уол Балхан» [2, 356] деген тілдік бірлік теңіз батыры мен биеден туған ұлдың, яғни сиқырлы да құдыретті Жауыз алыптың аты. Теңізге қатысты Балхан сөзі Балхаш көліне байланысты сақталған сияқты және Балхаш бойындағы елдің аттың құлағында ойнаған шабандоздығы соншалық, тіпті жылқыдан жаратылған деп отыр. Европа халықтарының санасындағы Кентавр ұғымының аңыздық бейнеге айналуынан осы «Биэ уол Балхан» ұғымы қалыптасқан.

Якуттар көлді *куөл*, ал теңізді *байақал*, *байқал* (Байкал) деп атайды. Ал, *Арат-Байақал* сөзін Арат-море (въ песняхъ и сказкахъ) деп аударып былай түсініктеме береді: «...которое есть край или подножье земли и под западную сторону которого солнце, закатываясь, скрывается; Арат-балыкъ – имя сказочного абасы». Абасы деген сахаларда мифтік жамандық, жауыздық бейнесі, зұлым жан деген мағынаны білдіреді [2, 358]. Мұндағы *абасы* тұлғасы қазақ тіліндегі *албасты* тұлғасымен әрі формалық, әрі мағыналық жағынан да сәйкес келетінін байқау қиын емес.

Қазақ және якут тілдерінің лексикалық құрамын ғасырлар бойы сақталып келе жатқан байырғы сөздер, халықтың өзімен бірге жасасып келе жатқан төл сөздер, кірме сөздер, неологизмдер мен термин сөздер, ауызекі сөйле тіліне тән қарапайым сөздер, диалектизмдер, кәсіби сөздер құрайды.

Түркі тілдеріне ортақ сөздердің көпшілігі қазақ тілінің де төл сөздері болып келеді. Мысалы: бас, су, тіл, қол, аяқ, көз, жер, бала (зат есім), ақ, қара, көк, сары, жақсы, жаман (сын есім), бір, екі, үш, төрт, жүз, мың (сан есім); мен, сен, ол, қанша, қандай (есімдік), кел, кет, отыр, тұр (етістік), тез, ерте, кейін (үстеу) т. б. Якут тілінің төл лексикасын жалпы түркілік жүйедегі мынадай лексика-семантикалық топтар құрайды: туыстық атаулар жүйесі киһи ~ кісі, эр ~ ер, кыыс ~ қыз, уол ~ ұл; дене мүшелері атауларының лексика-семантикалық тобы: бас ~ бас, атах ~ аяқ, буут ~ бұт, илии ~ қол, унуох ~ сүйек, сүрэх ~ жүрек; металл атаулары: тимир ~ темір, көмүс ~ күміс, кыһыл көмүс ~ алтынтимир; мезгіл атаулары: күн ~ күн, ый ~ ай, түүн ~ түн; төрт түлік мал атаулары: ат ~ ат, ынах ~ сиыр; үй жануары атаулары: ыт ~ ит; сан есімдер жүйесі: биир ~ бір, икки ~ екі, үс ~ үш, түөрт ~ төрт, биэс ~ бес, уон ~ он; сын есім атаулары: кыһыл ~ қызыл, хара ~ қара, үрүн ~ жарық, үтүө ~ жақсы, улахан ~ үлкен; қимыл атаулары: бар ~ бару, кэл ~ келу, ис ~ іс, миин ~ міну; табиғат атаулары: су ~ уу, жер ~ сир, тау ~ хейа, жұлдыз ~ сулус, өзен ~ өрүс, көл ~ күөл, аспан ~ халлаан, қар ~ қаар, муус ~ мұз, муус сүрэх ~ мұз жүрек; сондай-ақ *кыыс* «қыз», *кэл* «келу», *кус* «үйрек», *куо* «сұлу», *кир* «кір», *киэн* «кең», *кул* «күл», *күөс* «құмыра», *кэтэх* «желке, шүйде», *кыах* «күш», *куобах* «қоян», *күөх* «көк, жасыл» [3, 1108-1110].

Түркі тілдеріне ортақ сөздердің қазақ не якут якут тілдеріндегі сөздерден ешқандай айырмашылығы білінбейді. Ерекшелік сөздердің фонетикалық өзгерістерге ұшырағаны немесе көне формасын сақтағанынан білінуі мүмкін. Мәселен, сары сөзінің көне түркі тілінде *сарығ*, үлкен сөзінің *ұлуғ* болып айтылғандығы қазіргі қазақ тіліндегі *сарғай*, *ұлғай* формаларынан аңғарылады.

Қазақ тілімен салыстырғанда якут тілінің лексикалық құрамы өте күрделі, өйткені якут тілінің лексикалық жүйесінде түркі, монғол, эвенк, палеоазиат және орыс тілдерінен енген кірме сөздер көптеп кездеседі. Якут тілінің өзге түркі тілдері жүйесінен ерекшелігі ретінде шығу тегі белгісіз лексикалық бірліктердің көптеп кездесуін атап өтуге болады. Дегенмен, якут тілінің сөздік құрамының негізін түркі тілдеріне ортақ төл сөздері құрайды. Оған жанбыр ~ уағтмиг (түрік) ~ самгиг (қырғыз) ~ самиг (якут;) жату ~ уат (түрік)

~ cat (қырғыз) ~ sit (якут); жеті ~ yedi (түрік) ~ ceti (қырғыз) ~ sette (якут) сияқты бірліктер негіз болады.

Сондай-ақ, кейбір көне түркілік сөздер якут тіліне монғол тілі арқылы енген. Монғол тілі арқылы енгендіктен, ондай тілдік бірліктер фонетикалық және семантикалық өзгерістерге ұшыраған. Мысалы: көне түркі тілінде *јыл* түрінде дыбысталатын сөз якут тілінде *дьыл* түрінде айтылып, «*мерзім, кезең*» деген мағынаны иеленеді, ал монғол тілінде *жил* «жыл» мағынасын білдіреді. В.В.Радловтың айтуынша, монғол тілінен енген сөздер якут тілі сөздік құрамының 30 % құрайды. Монғол тілінен енген сөздер, көбінесе жан-жануарлар атаулары (тэбиэн – түйе), металл атаулары (алтан – алтын, мөнүн – күміс), аспан денелері атаулары (Чолбон – Шолпан) құрайды, сондай-ақ, якут тілінің бейнелеуіш және еліктеуіш сөздер құрамында монғол типті элементтер көптеп кездесетіндігі байқалады.

Кез келген халық өзге халықтармен экономикалық, саяси, мәдени қарым-қатынаста болады. Мұндай факторлар тілдік жүйеге, әсіресе, тілдің лексикалық жүйесіне ықпал етеді. Тіл-тілде басқа тілден енген сөздер ішкі және сыртқы факторларға байланысты пайда болады. Сыртқы фактор сөз алушы халықтың басқа халықтармен байланысынан пайда болатын сөз ауысу процестерін бейнелейді. Мысалы, араб жаулаушыларының халқымызға мұсылман дінін енгізуі, монғол шапқыншыларының ұзақ уақыт билік жүргізуі, қазақ халқының Ресейге қосылуы қазақ тіліне көптеген кірме сөздердің енуіне себеп болды. Айталық, парсы тілінен *аспан, баға, ұстаз, дерт, көше, керуен, маржан, диқан, дарақ, гүл* сөздері еңсе, араб тілінен *кітап, қалам, мектеп, халық, мағына, мәдениет, әдебиет, тарих, әдеп, сауат, айла, сағат, сәулет, сауал* сөздері енген. Ал ішкі фактор тілдік жүйедегі сөздік ішкі мағыналық құрылымының дамуына тікелей байланысты.

Қазақ тілінің монғол тілдерімен қарым-қатынасы екі түрлі фактор негізінде қарастырылады. Бірінші, қазақ тіліне монғол тілінен тікелей ауысып енген сөздер: әкімшілік, ел билеу ісіне байланысты: *жасақ, ноян, нөкер* және жер-су атауларына байланысты: Алтай (Алтын тау), Қорғалжын (қорғасын), Тарбағатай (суырлы), Қордай (қарлы), Нұра (жақсы) сөздер кездеседі. Екінші, бір тілден екінші тілге ауысты деуге келмейтін, екеуіне де ортақ сөздер тобы. Қазақ лексикасында монғол тіліндегі сөздермен түр-түрпаты жағынан ұқсас, мағынасы жағынан үйлес келетін, әсіресе, зат есім, сын есім, етістік сөздер көптеп кездеседі. Мысалы: *қой, қойшы(қон, қончын), бұқа (бух), алтын (алтан), сары (шар), қап-қара (хан-хар), дулыға (дуулға), бура (бұғура)* т.б. Бұл сияқты сөздер тек қазақ тіліне ғана емес, түркі тілдеріне ортақ сөздер болғандықтан, олар түркі тілдерінен монғол тілдеріне ауысты ма, әлде монғол тілінен түркі тілдеріне ауысты ма деген мәселелер әлі күнге дейін күн тәртібінен түскен жоқ [4]. Сол себепті, мұндай сөздерді түркі (қазақ) – монғол тілдеріне ортақ сөздер деп атауға болады. Түркі-монғол тілдеріне ортақ сөздердің бар екенін Ш.Уәлиханов айтқан болатын. Мұндай ортақты тек сөздік қордан ғана емес, олардың грамматикалық құрылысынан да байқауға болады. Түркі тілдері сияқты монғол тілдері де жалғамалы тілдердің қатарына жатады.

Араб, парсы және монғол тілінен енген сөздер ауызша қабылданғандықтан, фонетикалық өзгерістерге ұшырап, қазақ тілінің дыбысталу заңына сай қолданылып, басқа тілден енгендігі аңғарылмайтын дәрежеге түскен.

Орыс тілі арқылы енген кірме сөздерді Қазан төңкерісіне дейінгі және Қазан төңкерісінен кейінгі кезеңде енген сөздер деп екі үлкен топқа бөліп қарастыруға болады. Төңкеріске дейінгі кезеңдегі сөздерге *жәрмеңке* (ярмарка), *жәшік* (ящик), *бөтелке*

(бутылка), *бөрене* (бревно), *ашмөшке* (восьмушка), *сіріңке* (серняки), *божы* (вожжи), *бөкебай* (пуховой), *самауыр* (самовар), *иен* (чин), *сот* (суд), *түрме* (тюрьма), *атпекет* (адвокат), *кір* (гир) тағы басқа сөздер жатады. Бұлардың ішінде кейбір сөздер қазіргі орыс тіліндегі нұсқасымен айтылып та, жазылып та жүр. Мәселен, атпекет, пошта, кәмпит сөздері баспа беттерінде адвокат, почта, конфет болып жазылып жүр.

Қазан төңкерісінен кейін енген сөздердің қазіргі әдеби тілде молдығы қоғамдық-саяси, мәдени, оқу, ғылым, техника, сауда, спорт, әскери ұғымдарға тікелей байланысты. Мысалы: *демократия*, *диктатура*, *партия*, *конференция*, *пленум*, *фабрика*, *электр*, *энергия*, *машина*, *станок*, *троллейбус*, *трамвай*, *бригадир*, *азот*, *фосфор*, *гербицид* және т. б.

Якут тілінде эвенк тілдерінен енген кірме сөздер аз кездеседі, мәселен, үй атаулары *холомо* «жұқа ағаштардан салынған үй», *үүтээн* «аңшының үйі», эвенк сөздері якут тілінде топонимдер жүйесін құрайды. Эвенк және монғол тілдерімен өзара тығыз қарым-қатынасы якут тілінің фонетикалық жүйесіне түбегейлі өзгерістер әкелді, сондай-ақ оның лексикалық жүйесі мен грамматикалық құрылысына да біршама әсер еткен. Мәселен,

Орыс тілінен енген кірме сөздерді Қазан төңкерісіне дейінгі және Қазан төңкерісінен кейінгі деп жіктеу принципі якут тілінде де кездеседі. Бұлай жіктелудің негізі төңкеріске дейінгі сөздер қазақ тілі сияқты якут тілінің фонологиялық жүйесіне сәйкестендіріп алынған болатын. Ал Қазан төңкерісінен кейінгі енген орыс тілді элементтер сол тілде қалай дыбысталып жазылса, солай айтылып жазылуы тиіс болды. Дәл осындай тілдік ерекшелікті якут тілінің лексикалық және фонологиялық жүйесінен байқаймыз. Мұны якут тіліндегі мынадай тілдік фактілер арқылы дәйектей аламыз: *Дьөгүөр* (Егор), *Өлөөнө* (Алена), *хобордоох* (сковорода), *сылабаар* (самовар), *баһыыба* (спасибо), *остуол* (стол), *хортуонуй* (картофель), *хортуоска* (картошка), *тэлэбиһэр* (телевизор), *көмпүүтэр* (компьютер).

Сондай-ақ, орыс тілді кірме элементтер якут тілінде жаңа семантикалық мағынаны иеленетіндігін байқаймыз. Айталық, орыс тіліндегі *ключ* сөзі якут тілінде *күлүүс* түрінде дыбысталып «күлып» мағынасын білдірген, ал *крыльцо* сөзі *кирилиэс* тұлғасында айтылып «баспалдақ», *мешок* сөзі *мөһөөх* түрінде дыбысталып «жүз сом» мағынасында қолданылған. Якут тіліне енген орыс тілді есім сөздердің есебінен етістіктер туындайды: *табах* (*сигареты*) → *табахтыы* (*темекі шегу*); *көмпүүтэр* → *көмпүүтэрдии* (*компьютерде ойнау*); *кус* (*үйрек*) → *кустуу* (*үйрек аулау*); *арыгы* (*арақ*) → *арыгылыы* (*арақ ішу*).

Якут тіліне орыс тілді кірме элементтер сөйлеу тілінің ауызекі және жазбаша формасы арқылы енген. Ауызекі сөйлеу тілі арқылы енуі Якутиядағы жергілікті орыс халқы арқылы жүргізілсе, жазбаша формасы бұқаралық ақпарат құралдары, білім және ғылым жүйесі арқылы еніп жатыр. Осы жазбаша формасы арқылы еніп отырған орыс тілді кірме элементтер дыбысталуы, жазылуы жағынан орыс тілді нұсқасын сақтап қалған.

### Пайдаланған әдебиеттер:

- 1 Жалмаханов Ш. Жалпы тіл білімі. – Алматы, 2009.
- 2 Пекарский Э. Словарь якутского языка. АН СССР. 1958 г. т.1.
- 3 Ahmet B. Ercilasun Türk Lehçeleri Grameri. –Ankara: Erek Matbaasi, 2007. – 1340 s.
- 4 Қалиев Қ., Болғанбаев Ә. Қазіргі қазақ тілінің лексикологиясы мен фразеологиясы. – Алматы, 2003.